

Ұзынкөл ауданы Варваровка ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Варваровка ауылы әкімінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 шілдеде № 7978 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Варваровка ауылы әкімінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Варваровка ауылы әкімінің 25.12.2018 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына , "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұзынкөл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 1 маусымдағы № 139 ұсынысы негізінде, жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, Ұзынкөл ауданы Варваровка ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұзынкөл ауданы Варваровка ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ұзынкөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі" " Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұзынкөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Ұзынкөл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларын жүргізу ұсынылсын.

3. "Ұзынкөл ауданы Варваровка ауылының әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімнің шешімін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Ұзынкөл ауданының әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Варваровка ауылының әкімі

В. Шерстюков

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің
Ұзынкөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. Талтыкеев

2018 жылы "9" шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің
Ұзынкөл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы"
РММ басқарманың бастығы

_____ Е. Исмагулов

2018 жылы "9" шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ұзынкөл ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ М. Ыбрай

2018 жылы "9" шілде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК